БАСПАНА НАРЫҒЫ: БАҒА ЖӘНЕ БОЛЖАМ

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ

АЙБАРЛЫ ДА АЙБАТТЫ СҰЛТАН

6-БЕТ | РУХАНИЯТ

РУХЫ МЫҚТЫ АТЛЕТ

7-БЕТ | СПОРТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Мен былтырғы құрылтайда ұрпақты еңбекке баулуға қатысты бірқатар тапсырма бердім. Соның негізінде мектептерге еңбек сабағы қайтарылды. Осы бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыруымыз керек. Сондай-ақ біз ел болып қарапайым еңбек адамын қадірлей білуіміз қажет. Қажетсіз мамандық болмайды, біліксіз маман болады. Ерінбей еңбек еткен жан өз ісінің майталманы атанады. Ал кәсібін толық меңгерген адам қашанда сұранысқа ие болады.

№98
(4531)
Сенбі
19 тамыз
2023 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сұлтан СЕЙІТ

ЕЛОРДАНЫҢ КЕЛБЕТІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтар айында елорданы дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізіп, бас шаһардың даму стратегиясын қайта қарап, жаңадан бас жоспар дайындауды тапсырғаны мәлім. Президент елордамыз дамудың жаңа үлгісіне көшуге, Астана инновациялық шаһар болуға тиіс екенін атап өтті. Әлемде қаланы басқарудың жаңа цифрлы тәсілдері қарқынды түрде еніп жатқанын, біз де оған баса назар аударуымыз керегін қадап айтты. Президент қалалық әкімдікке Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, бұл жұмысты дереу қолға алуды тапсырды. Бас жоспардың жобасына қатысты өткізілген қоғамдық тыңдауда осы және бұдан басқа да өзекті мәселелер ашық талқыланды.



1 қыркүйектен бастап студент, магистрант, докторанттардың шәкіртақысы өседі. Премьер-министр Әлихан Смайылов Үкіметтің тиісті қаулысына қол қойды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Қазақстанда 1 қыркүйектен бастап ай сайынғы мемлекеттік шәкіртақы мөлшері өседі. Бұл туралы ҚР Үкіметінің ресми Telegram арнасында жазылды.

Бакалавриат студенттерінің шәкіртақысы 20 пайызға, магистранттар мен докторанттар шәкіртақысы 15 пайызға, ТжКБ студенттерінің шәкіртақысы 50 пайызға өседі.

Қаулы 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енеді.



Amanat партиясы жаңа оқу жылы қарсаңында «Баланы мектепке дайындайық!» жалпыреспубликалық қайырымдылық шарасын бастады.

Игі дәстүрге айналған іс-шара «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында осымен 13-мәрте өткізіліп отыр. Оның басты мақсаты – көпбалалы және аз қамтылған отбасылардағы балаларды жаңа оқу жылына дайындауға көмектесу.

ЖАСТАРҒА – ТЕГІН КЕҢЕС

Қазіргі таңда жастарға қызмет көрсету орталықтары елорданың 4 ауданында бар.

Мамандар мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары, жұмысқа орналастыру, жастардың бастамаларын қолдау, волонтерлік қызмет, сондай-ақ бос уақытты тиімді әрі тегін өткізу мәселелері бойынша кеңес береді. Тегін заңгерлік және психологиялық көмек көрсетеді. Былтыр орталықтарға 10 мыңға жуық жас адам жүгінген. Жастардың көпшілігін баспана алу мен жұмысқа орналасу мәселесі алаңдатады. Сонымен қатар, орталық психологтары жеке және топтық түрде психологиялық кеңес береді.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 503.38 $ USD/KZT 463.19 ₽ RUB/KZT 4.99 ¥ CNY/KZT 63.39

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№98 (4531) 19/08/2023 Сенбі

ДАМУДЫҢ БАҒЫТТАРЫН АЙҚЫНДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жұмыс сапарымен барып, қаладағы гидротехникалық инфрақұрылыммен танысып, бірқатар әлеуметтік нысанды аралап көрді. Сондай-ақ, Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

30 ЖЫЛДА АЛҒАШ САЛЫНҒАН БӨГЕТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы қаласына жұмыс сапары биыл 1 маусымда пайдалануға берілген сел тасқынынан қорғайтын бөгетпен танысудан басталды. «Аюсай» бөгеті Үлкен Алматы өзенінің бассейнінде орналасқан. Оның жоғары жағында сел қаупі бар 98 учаске, 89 мұздық, 20 мореналық және мұзды көл бар. Бөгет сел жүру қаупін барынша азайтып, 500 мыңнан астам халық пен 2 мыңға жуық нысанның табиғат апатынан қорғалуын қамтамасыз етеді. Еліміздің биік таулы аймақтарында 970 мореналық көл бар. Оның ішінде 156 көлде сел жүру қаупі жоғары.

Мемлекет басшысы қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін селден қорғау шараларын жүргізу маңызды екенін атап өтті. Бұл ретте Президент Төтенше жағдайлар министрлігі, Алматы қаласы әкімдігі және «Қазселденқорғау» мекемесі өзара тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі қажет екенін айтты.

«Аюсай» бөгетінде Қасым-Жомарт Тоқаевқа қанатқақты жоба аясында орнатылған 31 цифрлық гидробекет таныстырылды. Бұл қондырғылар судың жылдамдығына, температурасына, лайлылығына және басқа да көрсеткіштерге онлайн-режимде мониторинг жүргізеді. Мұндай технологиялар келешекте еліміздің жеті таулы аймағында қолданысқа енгізіледі. Гидробекеттердегі мәлімет ТЖМ Дағдарыс жағдайын басқару орталығының бірыңғай ақпараттық жүйесімен интеграцияланатын барлық ғылыми ұйым мен салалық ведомстволарға қолжетімді болады.

PROMETHEUS SCHOOL МЕКТЕБІНЕ БАРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жасаған жұмыс сапары аясында Prometheus school білім беру ұйымын аралап көрді. Президентке білім ордасының оқу кабинеттері, жаратылыстану зертханалары, мектепте сабақ оқытудың Daryn Go, Booky-Wooky авторлық әдістемелері, сондай-ақ оқу орнының жалпы инфрақұрылымы таныстырылды. Prometheus school былтыр 9 қарашада ашылған. Мектеп 840 оқушыға арналған. Аумағы – 12 мың шаршы метр. Білім беру мекемесін салу үшін 5,2 миллиард теңге инвестиция тартылған. Аз қамтылған отбасылардың дарынды балалары үшін білім гранттары бөлінеді. Мектеп жыл сайын грант санын арттыруды жоспарлап отыр.

Мемлекет басшысына Enlightenment Power Group қоры жүзеге асырып жатқан жобалар туралы мәлімет берілді. Қор директоры әрі мектептің бақылаушылар кеңесінің төрағасы Досым Бесбайдың айтуынша, 1400 оқушыға арналған «ФизТех» мектебін ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл мектеп түлектердің әлемдегі жетекші техникалық жоғары оқу орындарына түсуіне мүмкіндік туғызу үшін сапалы білім беруді көздейді. Мектеп құрылысын биыл қараша айында аяқтау жоспарланған. Жобаға тартылған инвестиция көлемі – 3,9 миллиард теңге. Мемлекет басшысы Prometheus School мектебіндегі білім беру және оқушыларды даярлау форматының ерекшелігін атап өтті. Сондай-ақ ұстаздарға табыс тілеп, олардың қызметі қоғам үшін маңызды екенін айтты.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан» шахтасында болған өртке байланысты Үкіметке және Қарағанды облысының әкімдігіне апат себептеріне жан-жақты тергеу жүргізу, сондай-ақ зардап шеккендерге қажет барлық көмекті көрсету жөнінде тапсырма берді.

Үкіметке осы кәсіпорынға иелік ететін шетелдік компаниямен жұмысшылардың қауіпсіздігін мүлтіксіз қамтамасыз ету жөнінде келіссөз жүргізу тапсырылды.

Шетелдік компанияға тиесілі кәсіпорындарда жиі қайталанатын апаттар олардың инвестициялық және өзге де міндеттемелерін өрескел бұзғанын көрсетеді. Аталған жағдайлар олардың Қазақстан нарығында қызмет етуіне қатысты шешім шығаруға ықпал етеді.

2023 жылдың 17 тамызы сағат 10:00-де «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-қа қарасты «Қазақстан» шахтасында конвейер таспасы өртеніп, апат болды. Шахтада барлығы 227 адам болған. Сол күні шахтадан 222 адам жер бетіне шығарылды, қалған 5 кеншіні іздеу жұмысы жүргізілді. Шахтерлерді іздеу барысында 17 және 18 тамызда екі кеншінің мәйіті табылды. «АрселорМиттал Теміртау» көмір департаментінің «Қазақстан» шахтасында болған өрт салдарынан электрик Виталий Владимирович Слюнков қайтыс болған. 57 жастағы марқұмның еңбек өтілі – 39 жыл.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМЫМАЙ, МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕЙДІ

Астана қалалық мәслихатының депутаттары Ақмола облыстық мәслихатының депутаттарымен бірлескен отырыс өткізіп, елордамен шектесетін аудандардың өзекті мәселелерін талқылады. Бұл туралы қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Ақмола облысының Астанамен шектесетін аудандарының бірқатар мәселелері Ақмола облысының депутаттарымен бірлескен отырыста көтерілді. Біріншіден, бұл – әртүрлі салалардағы қала маңындағы аймақтарды, инфрақұрылымды дамыту және жетілдіру. Сондай-ақ, жиында қоғамдық көліктің жұмысына қатысты да сұрақ қойылды. Мысалы, Аршалы тұрғындары елордаға қатынайтын автобустарды шығаруды сұрайды. Сонымен бірге, жер учаскелерін тіркеу мәселелерін оңайлату, Есіл өзенін бірлесіп тазарту, қатты тұрмыстық қалдықтардың стихиялық үйінділерін жою мәселелерін шешу, жұмысқа орналастыру және тағы басқа мәселелер талқыға түсті. Басқосуда аумақтық ресурстарды оңтайландыру, абаттандыру және көгалдандыру жоспарларын бірлесіп әзірлеу туралы пікіріммен бөлістім. Ақмола АЭК электрмен жабдықтауды жақсарту, жерлеуді абаттандыру мәселесі өзекті болып қала береді. Келесі бірлескен кеңесті ӘКК және мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен өткіземіз» деп жазды Е.Каналимов.

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСТІҢ КЕМШІЛІКТЕРІН АТАДЫ

Елордадағы «Әйелдер мен отбасы құқықтарын қорғау» ҚБ өкілдері еліміздегі Әлеуметтік кодекстегі кейбір мәселелермен келіспейтінін айтты. Осы жайтты тиісті министрліктермен бірге талқылау үшін кеше олар Астана қаласындағы «Жанұя» отбасын қорғау орталығында дөңгелек үстел өткізді.

Райхан РАХМЕТОВА

Аталған іс-шараға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы мамандары шақырылып, бірқатар қоғамдық бірлестік қатысты.

– Әрине, Әлеуметтік кодексті әзірлеуде үлкен жұмыс атқарылды. Ел азаматтарының әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында 500-ден астам өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл кодекстің өміріміздегі маңызын ескере отырып, қоғам болып оның халық жағдайына қалай әсер ететінін, кодекстің оң және теріс жақтарын талқылағымыз келеді. Атап айтқанда, цифрлы отбасы картасы, әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер туралы, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, Қазақстан әйелдерінің зейнетке шығу жасы, Семей ядролық сынағынан зардап шеккен азаматтарға берілетін әлеуметтік жәрдем, «Күміс жас» жобасы жайлы және зейнетақы аннуитеті туралы сұрақтарымыз бар. Аталған заң еліміздің экономикалық шынайы жағдайына сәйкес келе ме? Инновациялар қоғамға қалай әсер етеді? Қазақстандықтардың әл-ауқаты қаншалықты төмен және олар қандай экономикалық зардаптарға әкелуі мүмкін? Осы секілді сұрақтарға жауап іздейміз, – деді «Әйелдер мен отбасы құқықтарын қорғау» ҚБ директоры Кенжеғайша Сембаева.

Аталған қоғамдық бірлестіктің мүшелері алдымен әйелдердің бұрынғы зейнетке шығу жасын қайтаруды сұрады.

– Мен миллиондаған қазақстандық аналардың атынан әйелдердің 58 жаста зейнетке шығу жасын қайтаруды талап етемін. 55-тен асқаннан кейін әйелдер физиологиялық жағдайына байланысты жұмыс істей алмайды. Біздің өздеріңіз білетіндей, зауыт-фабрика жоқ. 50-55 жастағылардың өзін ешқандай бизнес қабылдамайды. Басында осы мәселені ескеру керек еді. Басқа бағыттарға бөліп жатқан қаржыны Үкімет әйелдерді ертерек зейнетке шығаруға бағыттауы керек. Біздің зейнет жасына жақындаған әйелдердің жағдайын Еуропа елдерімен салыстыруға келмейді, – дейді аталған бірлестік мүшесі Майкен Бигарстанова.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік сақтандыру департаменті директорының орынбасары Эльмира Тажиханова 2028 жылдан кейін әйелдердің зейнет жасын ұзарту мәселесі қайта қаралатынын жеткізді.

– Қазіргі таңда Денсаулық сақтау министрлігі ауыл медицинасына басым бағыт беретін тұжырымдама әзірлеуде. Соның аясында алдағы уақытта әйелдердің зейнет жасын ұзарту мәселесі де қарастырылады. Адамдардың денсаулығы мен тұрмыс жағдайына қарай зейнет жасын ұлғайту немесе қалдыру жайы белгілі болады, – деді Э.Тәжіханова.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Илон Маск пен Марк Цукерберг арасындағы жоспарланған жекпе-жек Италияда Ежелгі Рим стилінде өтуі мүмкін.

Технология саласының көшбасшылары маусым айынан бері бір-бірін жекпе-жекке шақыруда. Гладиаторлық төбелес өткен жағдайда, одан түскен миллиондаған қаражат балалар ауруханасына беріледі деп күтілуде. Мұны естіген жаһан жұрты Цукерберг пен Маск арасындағы шоуды тағатсыздана күтіп жүр.

2022 жылы АҚШ-та шамамен 49,5 мың адам өз-өзіне қол жұмсады.

Бұл – Екінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан бергі статистикалық бақылау тарихындағы ең жоғары көрсеткіш. Құрама Штаттар елінде өз-өзіне қол жұмсау санының артуына атыс қаруына қолжетімділік пен депрессия жағдайының көбеюі теріс әсер етуде. Бұған адамдар арасындағы жылы қарым-қатынастың болмауы да себеп болуда.



2023 жылы Қытайда туғандар саны 8 миллионнан төмен болуы мүмкін.

Бұл жағдай демографиялық болжамды нашарлата түседі. Бұл туралы Пекин университеті денсаулық ғылымы орталығының деканы Цяо Цзен айтты. Профессордың сөзінше, соңғы 5 жылда Қытайда бала туу көрсеткіші 40 пайызға азайды. 2022 жылы Қытайда 9,56 миллион бала туып, соның салдарынан халық саны 850 мың адамға азайды.

№98 (4531) 19/08/2023 Сенбі

СКЕЙТ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Қазақстан скейтбординг федерациясының президенті Жандос Рахметтің бастамасымен елордада «SOS балалар ауылы» аумағында толық жабдықталған және заманауи скейт алаңы ашылды. Бұл туралы қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

Балаларға, алаңнан басқа, қажетті құрал-жабдықтар (роликтер, скутерлер, конькилер) сыйға тартылды. Болашақта федерация жаттықтырушылары балалар ауылының тәрбиеленушілеріне арналған тренингтер өткізеді.

ТАБЫС ПЕН МҮЛКІН ДЕКЛАРАЦИЯЛАЙДЫ

Елорданың 120 мыңнан астам тұрғыны табысы мен мүлкін декларациялауы тиіс. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлері және олардың жұбайлары үшін жалпыға бірдей декларациялаудың екінші кезеңі басталды.



Қазіргі уақытта елордада активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны 120681 адам беруі қажет. Бұл туралы Астананың коммуникациялар қызметінде өткен брифингте елордалық Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Қанат Балтабеков айтты.

Қазіргі таңда 120681 жеке тұлғаның 95538-і немесе 79,2 пайызы декларация тапсырды.

– Жалпыға бірдей декларациялаудың басты мақсаты– көлеңкелі экономиканы қысқартуды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, бюджетке қосымша түсімдерді қамтамасыз ету және әлеуметтік саясатты жетілдіру.

Салық кодексіне сәйкес, Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялау 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілді және 4 кезеңде өтіп жатыр, – деп еске салды спикер.

Мәселен, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдар үшін жалпыға бірдей декларациялауды енгізудің бірінші кезеңі басталды.

2023 жылдан бастап мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері және олардың жұбайлары декларация тапсыра бастады, онда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша деректер көрсетіледі.

2024 жылдан бастап – заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары.

2025 жылдан бастап – азаматтардың қалған санаттары, яғни елдің барлық ересек тұрғындары.

Декларациялауға Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі шетелдік банктердегі жылжымайтын мүлік, көлік құралдары, банк шоттарындағы ақша, барлық банк салымдары бойынша АЕК мөлшерінен 1000 есе асатын сомада, зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері және т. б. жатады.

«Декларацияны «салық төлеушінің кабинеті» арқылы электронды түрде (cabinet.salyk.kz), «электрондық үкімет» порталы (egov.kz), сондай-ақ esalyq azamat мобильді қосымшасы арқылы 15 қыркүйекке дейін беруге болады. Ал қағаз жүзінде ұсыну мерзімі – 15 шілдеге дейін» деді Қанат Балтабеков.

«ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 272-бабының 1-тармағына сәйкес, активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны белгіленген мерзімде ұсынбау ескертуге әкеп соғады. Бұл ретте, егер бұзушылық өндіріп алынғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалса, 15 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Жалпыға бірдей декларациялау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда жеке тұлғалар 1414 нөмірі бойынша бірыңғай байланыс орталығынан кеңес ала алады.

ШАХМАТ ТАҚТАСЫНДАҒЫ ТАРТЫС

Алматы ауданының ардагерлері шахматтан сынға түсті. Жарысқа 65-90 жас аралығындағы 22 қария қатысты. Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин турнирді ашып, сәттілік тіледі. Ал турнирдің төрешісі Мерғалым Нұрымов ойын ережесімен таныстырды.

Алматы ауданы әкімдігінің қолдауымен өткен жарыс тартысты өрбіді. Интеллектуалды ойынға ақсақалдар жақсы дайындықпен келіпті. Нәтижесінде Пайзұлла Тайжанов бірінші, Серікбол Түлетаев екінші, Жамбыл Нұрманов үшінші орын алды.

Әжелер арасында Кенжетай Жанұзақова мен Гүлжан Көшкіншінова екі рет тең ойнап, чемпион үшінші ойында анықталды. Сөйтіп, Кенжетай апаға бірінші, Гүлжан апаға екінші орын бұйырды. Үшінші орынды Бәтима Түсіпова иеленді.

Уәлихан Бекенов пен Оралбек Кенжетаев шахматты жақсы меңгергенін көрсетті. 90 жасқа келген Цай Климентийге арнайы сыйлық берілді.

Белсенді өмір сүру орталығының басшысы Мұхтар Еркетаев жабылу салтанатында жарысқа белсенді қатысқан ардагерлерге алғысын білдірді.

Манап ӘДІРЕШЕВ,
Астана қаласы Алматы ауданы медиатобының жетекшісі

Миға ұқсас чиптің көмегімен жасанды интеллект энергияны үнемді пайдаланатын болады.

Ми тәрізді технология смартфондарға арналған жасанды интеллект чипін өте тиімді етіп, қуат көзін үнемді жұмсауға көмектеседі. Жаңа технология адам миындағы нейрондық байланыстарға ұқсас жұмыс істейтін компонентті қайталап жасады. Бұл технологияның артықшылығы – аз қуат тұтынған жағдайда да жоғары өнімділікке қол жеткізеді.



Былтыр әлем халқының әл-ауқаты нашарлап, 2,4 пайызға төмендеген. Бұл – 2008 жылғы қаржы дағдарысынан кейін болмаған жағдай.

Мұндай ахуал әсіресе АҚШ, Жапония, Қытай, Канада мен Австралияда қатты байқалып отыр. Өткен жылы ауқатты кісілердің де байлығы айтарлықтай азайған. Миллионерлер саны 59 миллион адамға дейін кеміді. Бұған жаһанды жайлаған қымбатшылық әсер етті.

Астананың Алматы ауданында бейнебақылау жүйесімен қосымша жабдықтау мәселелері талқыланған кеңес өтті.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАСЫ ОРНАТЫЛАДЫ

Қазіргі таңда аудан көшелері мен көше қиылыстарының, тұрғын үй секторының 70 пайыздан астамы бейнемониторингпен қамтылған. Бұл аумақта қоғамдық тәртіптің сақталуына септігін тигізіп отыр.

Жыл басынан бері бейнебақылау жүйесінің арқасында аудан бойынша 158 қылмыс анықталған. Маусымның соңына дейін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін ауданда тағы 200 камера орнатылады.

Бүгінгі таңда Алматы ауданының аумағында барлығы 7925 бейнебақылау камерасы жұмыс істеп тұр. Оның ішінде 1800 камера қиылыстарда және үй маңындағы аумақтардағы адамдар көп жиналатын орындарда орнатылған.

Бас қалада «Тоқта, интернет-алаяқтық!» атты іс-шара өткізілді. Астана қаласының әкімдігі, Нұра ауданы әкімдігі және полицияның бірлескен бастамасымен жүзеге асырылған іс-шараға жастар мен еріктілер де атсалысты. Қаладағы халық көп шоғырланатын саябақтағы жол бойына трафареттер арқылы интернет-алаяқтықтан сақтандыратын сөздер жазылды.

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ

– Бұл акция Ішкі істер министрлігі бекіткен «Хайтек» шұғыл алдын алу іс-шарасы негізінде іске асуда. Көбіне егде және орта жастағы жандар, оның ішінде әйелдер киберқылмыстың құрбаны болады. Олар Instagram, Facebook, Telegram сияқты әлеуметтік желілерде, «OLX», «Крыша», «Колеса» сияқты сауда-саттық сайттарында интернет-алаяқтықтың құрығына түсіп қалып жатады. Осындай келеңсіздіктің алдын алу үшін осы шараны өткізіп отырмыз. Адамдар көп жүретін жерлерге трафареттер арқылы ескерту жазып, тұрғындарға алаяқтарға алданып қалмаудың жолын түсіндіреміз, – деді Нұра ауданы Полиция басқармасы басшысының орынбасары Жәнібек Сүлейменов.

– Біз Ішкі істер министрлігіндегі әріптестерімізбен бірге интернет-алаяқтықтың алдын алуға арналған іс-шараны ұйымдастыруға атсалысып отырғанымызға қуаныштымыз. Өйткені біз, мемлекеттік орган, мемлекеттік қызметкер ретінде қазіргі адамдардың тез ақша табу, инвестицияны көбейту, сауда-саттыққа байланысты әртүрлі ақпарат пен жарнамаға оңай сеніп, алданып жатқанына алаңдаймыз. Қазір интернет-алаяқтық статистика бойынша ұрлықтан кейінгі екінші орында тұр. Сондықтан киберқылмыстың үлесін азайтып, азаматтарды қаржылық сауаттылыққа үйрету – міндетіміз, – деді Нұра ауданы әкімдігі инфраструктура бөлімінің маманы Наиль Нигматуллин.

Аталған акцияға «Қанат» волонтерлік қоры еріктілері мен «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы да белсене атсалысты.

– Бізде киберқылмыстың алдын алу жұмысы жүйелі жүргізіліп тұрады. Сондай-ақ жыл сайын алдын алу іс-шаралары өтеді. Оқу орындарында жастарға түсіндіру жұмысы тұрақты жүргізіледі. Себебі интернет-алаяқтық жастардың арасында өте көп. Өйткені интернет қолданушылардың басым бөлігі де солар. Міне, сондықтан киберқылмыспен күресудің ауқымын көбейтуге атсалысып жатырмыз, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының басшысы Шыңғыс Тілеулин.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ТЕГІН ТІРКЕЙДІ

Елорда тұрғындары 2023 жылдың 1 қыркүйегіне дейін иттері мен мысықтарын тегін чиптеп, үй жануарларын tanba жануарларды есепке алу ақпараттық жүйесінде тіркей алады.

Елорда тұрғындарында үй жануарларын жаздың соңына дейін «Астана ветсервиске» мына мекенжай бойынша тегін чиптеу мүмкіндігі бар: Сарыарқа ауданы, С.Мұқанов көшесі, 2/1 (Арнайы ХҚКО), тел.: +7 (747) 623 53 57, +7 (747) 672-85-27.

Жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма 9:00-ден 18:00-ге дейін (түскі үзіліс: 13:00-14:00), сенбі күні 9:00-ден 13:00-ге дейін. Иттер мен мысықтарды тіркеу кезек тәртібімен өтеді. Тіркеу рәсімі үшін жануармен бірге келу, сондай-ақ өзімен бірге мобильді азаматтар базасында тіркелген телефон болуы қажет. Сонымен қатар, Астана тұрғындары өз үй жануарларын ақылы негізде елорданың бірнеше ветеринарлық клиникасында тіркеуіне болады.

№98 (4531) 19/08/2023 Сенбі

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



ЖАҢА БАС ЖОСПАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Жыл басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астананың жаңа бас жоспарын жасауды тапсырған болатын. Осыған орай, елордадағы Жастар сарайында «Астана қаласының 2035 жылға дейінгі бас жоспарының» жаңа жобасы бойынша қоғамдық талқылау өтті. Іс-шараға «Астана Бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институты» ЖШС өкілдерімен бірге қаланың белсенді тұрғындары қатысып, бас шаһардағы маңызды мәселелерді ортаға салды.

Баршаға белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылдың 31 қаңтарында елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңес өткізіп, Астананың жаңа бас жоспарын әзірлеуді тапсырған болатын. Президент елорданы жасампаз, жайлы және таза қала қағидасына сәйкес дамыту, әлемдегі барлық озық тәжірибені тиімді пайдалану қажеттігіне де назар аударғанын көпшілік ұмыта қойған жоқ. Сондай-ақ кеңесте Қасым-Жомарт Тоқаев бас шаһарды тез арада жаңғыртып, қаланың даму стратегиясын қайта қарау керектігін ерекше атап өтті.

Қолданыстағы бас жоспар 2016 жылы құрылған еді. Ол 2030 жылға дейінгі мерзімге және 1 млн 220 мың адамға есептелген болатын. Дегенмен 2022 жылдың басында қала халқы 1 млн 240 мың адамға жетті. Осыған орай, Президент тұрғындар санының артуын ескере отырып, жаңа бас жоспар әзірлеуді тапсырды.

«Құжатта қаланы кешенді түрде дамытудың негізгі бағыт-бағдары айқын көрсетілуге тиіс. Әкімдікке арнайы қоғамдық тыңдау өткізіп, қаланың жаңа бас жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Сосын Үкімет оны жыл соңына дейін мақұлдауы керек. Президент Әкімшілігі жұмыстың уақытылы әрі сапалы орындалуын бақылауға алады» деген Мемлекет басшысының сөздерінен кейін «Астана Бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институты» ЖШС аталған құжатты дайындауға кірісті. Сөйтіп, елорданың дамуына жауапты мекеме өкілдерімен бірге қала белсенділері жаңа жобаны қоғамдық талқылауға салып, жаңа құжатқа қатысты өз сауалдарын қоюға мүмкіндік алды.

«Астана Бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институты» ЖШС директорының орынбасары Серік Әбдірахмановтың айтуынша, бас жоспарға сәйкес, қала халықты қызмет көрсету және тіршілікті қамтамасыз ету үшін 148 жоспарлы секторға бөлінген.

– Жоспарлы сектор – бұл бірнеше тұрғын үй орамынан тұратын ірі қалалық аумақ. Жоспарлы сектор қағидаты – жалпы білім беру мектептерінің, балабақшалардың жаяу баратын жерде болуы, балалардың көлік қозғалысы қарқынды жалпы қалалық магистралдарды кесіп өтуіне жол бермеу, қала тұрғындарын, оның ішінде балалар мен қарттарды, тұрғындардың қозғалысы шектеулі топтарды қауіпсіз жаяу баратындай радиуста қызмет көрсету мекемелерімен қамтамасыз ету. Жалпы бұл – бәріне таныс шағын аудандар. Бірақ олар іріленіп, өмірдің қазіргі заманауи жағдайына бейімделеді. Бұл іс-шаралар қаланы барлық жоспарлы секторда тұруын қолайлы етеді, – деді Серік Әбдірахманов.

АСТАНАЛЫҚТАРДЫҢ САНЫ АРТТЫ

2023 жылдың 1 маусымында елорда тұрғындарының саны 1 млн 376 мың адамға жеткенін айта келе, серіктестік директорының орынбасары халықтың жыл сайынғы өсімі 50 мыңнан астам адамды құрайтынын жеткізді.

Қазіргі қолданыстағы 2016 жылғы бас жоспарға сәйкес, елорда аумағы 71 мың гектар болатын. Бірақ 2017 жылдың 6 ақпанында Президент Жарлығымен Астанаға Ақмола облысы Целиноград ауданының 8719 гектар жері қосылды. Осылайша, қала ауданы 79,7 мың гектарға жетіп отыр.

Астанадан 30 шақырым радиуста 39 елді мекен бар. Ондағы тұрғындар саны жыл санап өсіп келеді. Жалпы бүгінгі таңда бас қалада халық саны 1 млн 376 мыңға жеткен.

– Елордадан 30 шақырым радиуста болжамды халық саны 283 мың адамды құрайтын 39 елді мекен орналасқан және маятниктік көші-қон деңгейі – 85 мың адам. Демек, қалаға күн сайын 85 мың адам келіп-кетеді. Астанадан 60 шақырым аймақта 83 мың адам тұратын 50 елді мекен бар. Маятниктік көші-қон деңгейі жылына 11 мың адамды құрайды, – деді Серік Әбдірахманов.

Астанадан 60 шақырым аймақтан күн сайынғы жалпы көші-қон 96 мың адамға жетеді. Айтуынша, маятниктік көші-қон жағдайын жақсарту үшін, жобалық шешімдерге сәйкес, Астана агломерациясы аймағын қатар дамыту, қосымша жұмыс орындарын құру, өмір сапасын жақсарту қажет.

МЕКТЕП САЛУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Мемлекет басшысы елорда балабақшаларындағы және мектептеріндегі орын тапшылығына да назар аударды. Бұл ретте Президент Астанада білім беру ошақтарының құрылысы баяу жүріп жатқанын, былтыр небәрі 3 мектеп салынғанын, 8 мектеп дер кезінде пайдалануға берілмегенін, соның салдарынан бала саны артық және үш ауысыммен оқытатын мектептер көбейгенін атап өткен еді.

«Кей сыныптарда 30-дан астам бала оқиды. Бұл, әрине, білім сапасына кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектептерде орын жетіспейді. Әкімдік Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, мұның бәрін шешуге баса мән беруі керек. Жалпы мектеп салу мәселесі – бұл стратегиялық міндет. Оны орындау үшін мемлекет қана емес, қалталы азаматтар да белсене атсалысуы керек. Мен бұл мәселені осыған дейін де талай рет айттым. Бірақ ниеті бар азаматтарды және нақты іс-әрекетті әзірге көріп отырған жоқпыз. Жалпы жеке қаржыға мектеп салудың жолдарын ойластырған жөн» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Астана Бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институты» ЖШС директоры орынбасарының айтуынша, бүгінгі таңда елордада орта білім беретін 133 мектеп бар. Ал 2035 жылға қарай 164 жаңа мектеп салынады. Оның ішінде 2022 жылы 15 мектеп пайдалануға берілді. 2025 жылға дейін – 74, 2025 жылға қарай 75 мектеп салынады.

– Бүгінде қала аумағында мектепке дейінгі балаларға арналған 429 ұйым жұмыс істеп тұр. Бас жоспарда 2035 жылға қарай қосымша 175 балабақша салу көзделген. Қазіргі уақытта қалада 39 денсаулық сақтау нысаны бар. Бас жоспарға сәйкес, 2035 жылға қарай тағы 93 нысан салынады. Бұдан бөлек, қазір қалада 11 өрт сөндіру ДЕПО-сы болса, 2035 жылға дейін тағы 17 ДЕПО салу жоспарланған, – деді Серік Әбдірахманов.

ҮШІНШІ АЙНАЛМА ЖОЛ САЛЫНАДЫ

Елордада екінші айналма жол құрылысы аяқталуға жақын. Сонымен қатар үшінші айналма жол салу жоспарланып отыр. Бұл туралы «Астана Бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС қалалық көлік тобының бас маманы Ақмарал Темірова мәлім етті.

– Астана, өзінің жоспарлы шешіміне сәйкес, тиімді-айналма құрылымға ие. Яғни бірнеше айналма бар. Біріншісі – К-1 үлкен сыртқы айналма жолы. Өткен бас жоспарда біз ішкі – кіші айналма жолды ұсындық.

Бүгінгі таңда елордада орта білім беретін 133 мектеп бар. Ал 2035 жылға қарай 164 жаңа мектеп салынады. Оның ішінде 2022 жылы 15 мектеп пайдалануға берілді. 2025 жылға дейін – 74, 2025 жылға қарай 75 мектеп салынады

Қазіргі қолданыстағы 2016 жылғы бас жоспарға сәйкес, елорда аумағы 71 мың гектар болатын. Бірақ 2017 жылдың 6 ақпанында Президент Жарлығымен Астанаға Ақмола облысы Целиноград ауданының 8719 гектар жері қосылды. Осылайша, қала ауданы 79,7 мың гектарға жетіп отыр

Ал бұл жоспарда үлкен және кіші айналма жолдардың арасында үшінші айналма жол салуды ұсынып отырмыз, – деді бас маман.

Оның айтуынша, бүгінде К-1 деп аталатын үлкен айналма жол толық жұмыс істеп тұр. Ал кіші айналма жолдың 70 пайызы пайдалануға берілген. Енді үшінші айналма жол салу көзделіп отыр.

– Үлкен айналма жол бар. Кіші айналма жолдың 70 пайызы салынды. Енді, міне, жаңа бас жоспарда үшінші айналма жолды ұсынып отырмыз. Ол кенттенген аумақ шекарасы арқылы өтеді. Бұл қалаішілік транзиттік қозғалысты қамтамасыз ету үшін жасалады. Қалаға кірмей, бір шеттен екінші шетке бару үшін адамдар қазіргі уақытта, негізінен, К-1 үлкен айналма жолға шығады. Бірақ айналма жолға шыққанға дейін көп уақыт жоғалтады. Сондықтан кенттенген аумақ шекарасында үшінші айналма жол салуды ұсынамыз. Бұл айналма жол өндірістік аймақ арқылы өтіп, қаланың шығыс, оңтүстік бөліктерін қамтып, «Тельман» елді мекенінен Талдыкөл арқылы «Ильинка», одан кейін «Көкталға» дейін болады, – деді Ақмарал Темірова.

ЖОЛ ЖҮКТЕМЕСІ АЗАЯДЫ

Жаңа бас жоспарға сәйкес, келешекте елордада іскерлік аудандар жобасы іске аспақ.

– Біз көлік-ауыстырып отырғызу тораптарын құруды ұсынамыз. Оларды радиалды-айналма бағыттағы жолдар қиылысында ұсынып отырмыз. Мәселен, мұндай көлік-ауыстырып отырғызу торабын жаңа мешіт ауданында құруға болар еді. Оларды «іскерлік аудандар жобасы» деп те атауға болады. Мұндай тораптар тек көлік инфрақұрылымын, яғни паркингті, терминалдарды, ЛРТ, БРТ стансаларын ғана емес, сонымен бірге, саудаойын-сауық кешендерін, бизнес орталықтарды, сауда залдарын қамтиды, – деді А.Темірова.

Бас маманның мәлімдеуінше, мұндай көлік тораптары қалаға үлкен кіреберістердің бәрінде құрылады. Мәселен, егер адам Қосшыдан келе жатса, аталған торапқа көлігін қалдырып, қоғамдық көлікке ауысып мініп, қалаға барады. Мұндай тораптар қаланың радиалды кіреберістеріндегі барлық қиылыста салынады. Яғни Қосшы, Қорғалжын тасжолы, Қостанай, Көкшетау, Қарағанды бағыттарында болады. Осылайша, аталған көлік-ауыстырып отырғызу тораптары қала маңы аймағының барлық көлік жүктемесін өзіне жинайды.

– Жоспардың есепті кезеңі – 2035 жыл. Дегенмен біз 2050 жылға дейін қамтып отырмыз. Өйткені 2050 жылға қарай айтарлықтай жүктеме болады және халық саны артады. Көше-жол желісіне жүктемені азайту, қаладағы автомобильдер санын төмендету үшін сырттан келетін жеке көліктерді барынша қысқартуымыз қажет, – деді бас маман.

Сондай-ақ, Ақмарал Темірова келешекте елордада қанша жол айырығы салынатынын жеткізді.

– Қазіргі уақытта магистралды көшелер мен жолдардың қиылысында 21 жол айырығы бар. Ұзақ мерзімді келешекте, яғни 2035, 2050 жылдарға қарай тағы 64 жаңа құрылыс салу жоспарланып отыр. Таяу уақытта шағын айналма жолдарда бірнеше жол айырығын салу көзделген. Олар – қазіргі уақытта құрылысы жүріп жатқан жолдар, – деді А.Темірова.

Айтуынша, қаладағы шағын айналма жол бірнеше көшеден тұрады.

Шағын айналма жол Ш.Бейсекова көшесінен басталып, Ұлы дала көшесіне ұласады. Одан кейін қаланың оңтүстік-шығыс бөлігі арқылы Р.Қошқарбаев көшесіне ұласып, өндірістік аймақ пен әл-Фараби даңғылын қамтиды. Таяу уақытта теміржол өткелі ауданында, Мақтұмқұлы көшесі мен Бөгенбай батыр даңғылында екі жол айырығын салу жоспарланып отыр. 2035 жылға қарай Кенесары көшесі бойында үш көпір салынады.

Қоғамдық талқылау барысында жобалау институтының жетекші сәулетшісі Азамат Ошахметов мұндай іскерлік аудандар қаланың 6 жерінде салынатынын атап өтті. Мәселен, қазіргі уақытта Павлодар мен Қостанайдан күніне шамамен 100 мың адам жүріп өтеді. Қала орталығына осы жүктемені болдырмау үшін аталған жоба ұсынылды. Ол жерде бизнес-орталық, паркинг, қонақ үй, супермаркет, сауда-ойын-сауық орталығы, тіпті келушілерге ыңғайлы болуы үшін Халыққа қызмет көрсету орталығы мен салық органдары да болады. Бұл жоба әлі келісу сатысында қаралып жатыр.

БАСПАНА НАРЫҒЫ: БАҒА ЖӘНЕ БОЛЖАМ

Қазір Астана қаласы әкімдігінде ресми мәлімет бойынша тұрғын үйге мұқтаж 48 мың адам кезекте тұр. Бас қалада құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Бірақ баспанаға мұқтаждар саны азаймайды. Азаймақ түгіл, жылдан-жылға өсіп бара жатыр. Өйткені өз бетінше сатып алуға тұрғын үй бағасы қымбат, көптеген адамның қалтасы көтермейді.

Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

ӘЛІПТІҢ АРТЫН БАҒУДА

Халықтың едәуір бөлігі кезекке тұрып, тұрғын үй қорынан пәтер алуға үміттенеді. Дегенмен кейінгі кезде қайталама нарықтағы үй бағасы арзандай бастағаны туралы да ақпарат тарай бастады. Мәселен, өткен айдағы көрсеткішке қарағанда, елордада пәтердің әр шаршы метрінің құны 1,8 пайызға төмендеп, 484 мың теңгеге дейін арзандапты. «Тұрғын үй нарығындағы мұндай тенденция 2015 жылдан бері алғаш рет байқалып отыр» дейді сарапшылар.

Пәтер бағасының аспандап кетуінің бірнеше себебі бар. Солардың ең негізгісі – жинақтаушы зейнетақы қорындағы ақшаның белгіленген мөлшерін, шектен асқанын тұрғын үй сатып алуға рұқсат беру. Осыдан кейін-ақ баспана бағасы көтеріліп, дүрбелең басталды да кетті. Құрылыс компанияларының айы оңынан туды. Еліміздегі делдалдар қауымдастығы президентінің кеңесшісі Берік Аманжанның айтуынша, 2020 жылға дейін Қазақстанда 23 мыңға тарта сату-сатып алу мәмілесі жасалса, 2021 жылы зейнетақы қорының жеткілікті шегі ақшасын алғаннан кейінгі тұрғын үйлерді сату-сатып алу мәмілесі айына 35 мыңнан асып жығылыпты.

«Одан кейінгі үш айда 65 мыңға дейін көтерілген. Тіпті жылдың аяғында БЖЗҚ-дан берілетін ақшаның есебінен үй сатып алушылар легі 95 мыңға жетіп, Үкімет шектік мөлшерді үш есеге дейін көтеруге мәжбүр болды. Әсіресе бұл кезде тұрғын үй нарығындағы қарқын Алматы мен Астана қалаларында айқын байқалды» деп есіне алады Берік Нұрұлы.

Сарапшылардың пікірінше, қазір жаңа үйлерге де, қайталама нарықтағы пәтерлерге де баға шамамен 0,7 пайыз арзандап отыр. Мұның астарында адамдардың кейінгі кезде сатып алу қабілетінің төмендеуі жатқан сияқты.

Қоғам белсендісі, қаржыгер Тұрсынхан Смағұлова өткен айда Астана қаласынан бір бөлмелі пәтер іздеп, ірі үш құрылыс компаниясына хабарласқанын айтады.

– Бірден жеңілдіктер мен өткізілетін мерзімді акция туралы сұрап, сату бөліміне хабарластым. Бұрын алыпсатарлар оларды алдын ала оннан, жиырмадан сатып алатын. Қазір кез келген тұрғын үй кешенінде бір бөлмелі пәтерлер қанша алсаңыз да бар екен.

Акцияға келетін болсақ, қолмақол ақшаға пәтер бағасының 20 пайызы шегеріледі. Сосын пәтер құнын бөліп төлеуге де болады екен. Тек бастапқы жарнасы – 20 пайызды төлесеңіз, қалғанын үй пайдалануға берілгенше төлеуіңізге рұқсат беріледі.

Жасыратыны жоқ, қазір адамдарда басы артық қаржы болыңқырамай, қиындау болып тұрған мезгілде мұндай жеңілдіктер құптарлық жай екені белгілі. Алайда бұрынғыдай жапа-тармағай пәтер сатып алып жатқан адамды көрмейсіз. Көпшілігі бағаның арзандауын күтіп, ақшасын депозитте ұстап отырған тәрізді, – дейді қаржыгер.

ЖЫЛ БАСЫНАН БАСТАП 1 МЛН 215 МЫҢ ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНДЫ. ЖАЛПЫ ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ҮШ МИЛЛИОН ШАРШЫ МЕТРДЕН КӨП ТҰРҒЫН ҮЙ САЛУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР

АЛЫПСАТАРЛЫҚ ТӘСІЛ

Тұрғын үй нарығында кейінгі кезде айқын байқалып тұрған тағы бір жағдай – баспана алыпсатарларының азаюы. Бұрын Астанада болсын, Алматыда болсын, жаңадан салына бастаған үйлердің іргетасы қалана бастағанда-ақ «флиппер» деп аталып кеткен қулар тоғыз, он, он екі қабатты үйдегі бір бөлмелі пәтерлерді түгел кіреберісімен сатып алатын да, кейбіріне жөндеу жүргізіп, кейбірін жартылай дайын күйінде көтеріңкі бағаға қайта сатып жіберетін.

Құрылысшы Елдана Нұрбергеннің айтуынша, бұл тұрғыда алыпсатардың төрт түрі бар екен. Біріншісі «маклер» деп аталады. Олар – көбіне басқа елде тұратындар. Осында қалған адамдарын қаржыландырып, тұрғын үй бизнесімен айналысады. Екіншілері – өз еліміздегі олигархтар. 20-30, кейде тіпті 80 пәтерге дейін іргетасы құйылмай тұрып сатып алып, үй салынып біткенде қайта сатады. Баспана алыпсатарларының үшінші түрі бар. Олар – «сиам егіздері», құрылыс салушылардың өз адамдары. Ішіне бірден еврожөндеу жұмысын жүргізіп, дайын пәтерлерді елден бұрын сатып отырады. Ал төртінші алыпсатарлар – заңсыз жолмен келген ақшасын үнемі пәтер бизнесіне салып, жасырын бизнес жүргізетін өзіміздің шенеуніктер.

«Бұл – күнделікті өмірде көріп жүрген ақиқат жайлар. Мұны жұрттың бәрі біледі. Алайда нарық экономикасы кезінде мұндай алыпсатарлық кәсіпкерлік деңгейінде ұғынылып, ешкім ештеңе дей алмайды. Әйтпесе үйлер Астана мен Алматыда көптеп салынып жатыр. Бірақ соны алуға қарапайым халықтың қалтасы көтермейді. Өйткені жаңағы алпауыттар нарықтағы сұранысты қолдан жасап отыр» дейді Елдана Нұрберген.

ҚҰНЫ ҚҰЛДЫРАМАЙДЫ

Астана мен Алматыда тұрғын үй қай кезде де үлкен сұранысқа ие. Салынып жатқан үйлер өтіп жатыр. Бірақ құрылысшылар әлеуметтік бағдарламаларға разы емес. «Тиімді бағамен сатқан соң мемлекет бізге қолдау көрсетсін» деп талай рет ұсыныс түсірді. Алайда бұл қазіргі жағдайда мүмкін емес сияқты.

«Сондықтан нарықтан «әлсіздер» шығып қалып жатыр. Әрине, белгілі бір уақытқа баспана бағасы арзандауы мүмкін, бірақ құны жаппай құлдырамайды». Бұл – сарапшы Айдар Мүбәрәктің пікірі.

– Бізде қазір 60-70 пайыз мәміле ипотекалық кредиттің арқасында өтіп жатыр. Өздеріңіз білесіздер, коммерциялық банктердің пайыз мөлшерлемесі адам шошитындай. Бұл жерде тек «Отбасы банкі» ғана қолжетімді. Оның өзінде де осы жылдың 15 мамырынан бастап олар жаңа ереже енгізді. Пәтер іздеушілерге айтарым, нарықтағы тұрғын үй бағасын үнемі бақылауда ұстап отыру қажет. Кейде құрылыс салушылар аяқ астынан жеңілдік ұсынып, акция жариялайтыны бар. Міне, сондайға тап болсаңыз, арзандау бағаға үй алып қалуыңыз әбден мүмкін, – деді сарапшы.

«Ал былай қаншама ақпарат таратқанмен, баспанаға баға айтарлықтай арзандамайды. Неге десеңіз, қазір құрылыс алаңында тек өзіне сенімді, іс жүзінде шыңдалған құрылысшылар қалды. Олар – ірі ойыншылар. Сондықтан олар қандай тәсілмен болса да өз саласында бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге тырысады. Баға қатты арзандап, мемлекеттің халыққа тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік бағдарламалар арқылы қыруар қаржы бөлуі өздері үшін тиімсіз екенін олар анық түсінді. Сондықтан Астана мен Алматы, Шымкентте құрылыс қарқыны төмендемейді. Соған сәйкес баға да тұрақты болады» дейді ол.

КЕЗЕГІН КҮТІП ҚАНДАС ЖҮР

Соңғы кездері виза мәселесі Қытайдағы қандастарды әбден әбігерге салды. Олардың Қазақстанның Үрімжі қаласындағы виза-паспорт орнының алдында айлап кезек күтіп, виза ала алмай жүргеніне талай уақыт болды.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Көршілес ҚХР-дың Шыңжаң өлкесінде 2 миллионға жуық қандасымыз тұрады. Заманның жақсы кезінде екі ел халқының «ауылы аралас, қойы қоралас» болғанмен, 2017 жылдан кейінгі жағдайға байланысты қандастарымыздың қазақ еліне сапарлай келуі пышақпен кескендей сап тыйылды. Өткен жылдың соңынан бастап бұл жағдай біртіндеп оңалып, қандастардың Қазақстанға сапарлай келуіне жол ашылғанмен, енді Қазақстанның визасын ала алмай қиналуда.

«Бұған Үрімжідегі виза-паспорт орнының виза беру жұмысын дұрыс жүргізбей, аптасына үш-төрт күн жұмыс істеп (оның өзінде түске дейін ғана қабылдайды), электронды жолмен кезек алу жұмысына делдалдардың араласып кеткені себеп болып отыр» дейді виза ала алмай тарыққан қандастар.

Қазақстанның Үрімжідегі виза-паспорт орны 2014 жылдан бастап «Кезек» деп аталатын визаға электронды жолмен кезек алу сайтын іске қосқан болатын. Қандастарымыз сол сайттан үйінде отырып кезек алып, кезегі келгенде виза-паспорт орнына құжатын тапсырып, виза ашатын. Бірақ соңғы кездері осы сайттың жұмысы өзгеріп, қарапайым халық кезек ала алмайтын күйге жетті. Атап айтқанда, бір апта ішінде берілетін кезек бір минутқа жетпей «таусылып» кетеді-міс.

«Қазақстанға баратын 3 туысыма кезек алу үшін 60 адамдық чат ашып, алпысымыз алпыс жақтан аңдып отырғанымызға 3 айдан асты. Бір адамға да кезек ала алмадық» дейді Шыңжаң өлкесі Алтай аймағының тұрғыны Ерік (аты өзгертіліп алынды). Ал консул қызметкерлері болса «визаға кезек алатын адам көп, сол себепті де кезек тез таусылып кетіп жатыр» дегеннен аспайды. Біздіңше, мәселенің басы дәл осы кезек алу сайтынан басталып тұр. Яғни электронды кезек алуды жасырын түрде өз пайдасына пайдаланып отырғандар бар.

«Мен «Кезек» сайтын Үрімжідегі ҚР виза-паспорт орнының тапсырмасы бойынша 2012 жылы қолданысқа енгіздім. Біз ол кезде «артқы жақта отырып» сайтта берілетін нөмірді бақылауға мүмкіндік бермедік. Шын мәнінде, техникалық тұрғыдан бір күнде 4-5 адамға ғана кезек беріп, «кезек таусылды» деп сайтты «реттеп» қоюға болады. Меніңше, сайтты басқарушылар осындай қулыққа барып отырған болуы әбден мүмкін. Әйтпесе 170 адамның кезегі бір минутқа жетпей таусылып кетуі мүмкін емес» дейді IT-маманы, белгілі кәсіпкер Ақытбек Шеризатұлы.

Демек, бұл арада сайтты басқарушылар өз пайдасы үшін жұмыс істеп отыр деуге толық негіз бар. Өйткені Қытай қазақтары ең көп қолданатын WeChat-статусында «кезексіз виза ашып береміз», «бір адамға 1300 юань төлесеңіз, паспортыңызды визаға кезексіз кіргізіп береміз» деген мазмұндағы жарнамалар қаптап жүр. «Мына виза мәселесін айтпайсыздар ма? 4-5 жылдан бері Қытай паспортымызды бермей, шекараны тарс жауып қинаса, енді, міне, виза аша алмай сенделіп жүргеніміз» деп бізге хабарласқан таныс-білістер де аз емес. Біз осы жағдайды құлаққағыс етіп ҚР Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу мырзаның атына хат жолдап едік. «Қазіргі уақытта ҚР СІМ және еліміздің дипломатиялық өкілдіктерінің тарапынан қолданыстағы құқықтық актілердің бұзылуына жол беріліп отырған жоқ» деп жауап қайтарыпты. Егер консулдық қызметкерлері сыртқы тағылармен астаспаса, онда сыртта жүрген делдалдар қалай «кезексіз виза ашып береміз», «бір адамға 1300 юань төлесеңіз, паспортыңызды визаға кезексіз кіргізіп береміз» деп сенімді түрде жұртқа үндеу тастап, әлеуметтік желіде ашық жариялай алады?

Қытайдағы қандастардың арасында виза ашушылардың көбеюіне бірнеше себеп бар. 3-4 жылдан бері шекара жабық болды да, Қазақстанға көшем, келем дегендер уақытында келе алмады. Екіншіден, көбінің бұрынғы визасының уақыты өтіп кетіп, виза ашушылардың саны күрт артты. Әрине, алдағы уақытта Қазақстан мен Қытай арасында 30 күндік визасыз режим енгізілсе, қандастардың келіп-кетуіне тиімді болуы мүмкін. Алайда көшіп келгісі келетін қандастардың виза ашып келетінін ескерсек, «визасыз режим енгізіледі» деп бойды кеңге салуға болмайды. Сондықтан еліміздің қатысты орындары бұл мәселеге баса назар аударуы керек деп санаймыз. Бүгін келем деген қазаққа жағдай жасамасақ, ертең «келші» деп өзіміз зар боламыз. «Шетелден келген қазақ бізге масыл болады», «Қоғамдық тәртіпті бүлдіреді» деген сияқты бейшара идеяны сырып тастап, қазақтың кең байтақ даласын қазаққа толтырмасақ, «бос жатқан жер жау шақыратынын», «көп қорқытып, терең батыратынын», қазақтың саны көбеймей, қазақ тілінің мәртебесі өсіп, ұлттық рухымыздың күшеймейтінін ешқашан естен шығармайық. Оның үстіне, шетелден келген қазақтың бәрі «алам» деп келіп жатқан жоқ. Олармен бірге қыруар қаржы да келіп жатыр. Ең маңыздысы, шетелден келген қазақтар арасында білікті кәсіпкер, дәрігер, оқытушы, IT-мамандары аз емес. Қазақстанда қазір қаншама дәрігер, қаншама оқытушы жетіспей жатқанын ескерсек, мұның бәрі алдымызға өзі келген дайын байлық емес пе?! Ендеше неге қандас көшін қаңтарып, виза алуын қиындатамыз? Бұл ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қандастардың көшіп келу мәселесінде жалпыұлттық мүддені басшылыққа алу қажет» деген сөзіне мүлде қайшы.

Қысқасы, Сыртқы істер министрлігі Үрімжідегі виза-паспорт орнының жұмысын қатаң бақылауға алады деп үміттенеміз. Сондай-ақ Үрімжідегі виза-паспорт орнының қызметкер санын көбейтіп, 5 күн бойы толық күн визаға қабылдауды жүзеге асырса, қандастарға өте қолайлы болар еді. Қазір Шыңжаң қазақтарының визасын тек Үрімжіде ғана рәсімдеуге болады. Бұл Үрімжідегі виза-паспорт орнының жұмысына күш салып отыр. Сондықтан қандастардың Бейжің, Сиань қалаларындағы елшіліктен виза рәсімдеуіне мүмкіндік жасалғаны дұрыс. Сондай-ақ оқуға келетін жастарды кезексіз қабылдаса жөн болар еді.

Қытайдағы қазақтар Қазақстанға келу үшін елу есік, қырық қыспақтан өтеді. Сол әзер алған бірер айлық рұқсаттың Үрімжідегі ҚР виза-паспорт орнының алдында кезек күтумен өтіп жатқаны өкінішті. Қаншама шақырым жол басып Үрімжіге барып, туыс-туғаны жоқ ірі қалада айлап кезек күтіп жату қандастарды әбден қажытты. Олардың арасында туысшылай келіп, ҚР азаматтығын алуды ниет етіп отырғандар аз емес. Егер біз осы орайды ұтымды пайдаланбасақ, енді 5-10 жылдан соң ол жақтан Қазақстанға келем деушілер де біржола азаяды. Себебі тілі кеткен ұлттың ділі де өзгереді. Мұның соңы біздің елдің диаспора саясатының жеңілісі болмақ.

№98 (4531) 19/08/2023 Сенбі

АЙБАРЛЫ ДА АЙБАТТЫ СҰЛТАН

Ол – жаугершілік заманда, бала күнінде Қыпшақ даласында тұтқынға алынып, жат жерде ерекше ерлігімен, асқан талантымен құлдықтан қайраткерлікке дейін көтерілген аса ғажайып тұлға.

Байбарыс – түркі текті Бахриден шыққан мамлюктердің Египетті билеген төртінші сұлтаны. Оны тарихи шығармаларда Бейбарыс, Бибарыс деп те атайды. Арабтанушы, Мысырдағы мамлюктер тарихын зерттеуші Қайрат Сәки оны Байбарыс деп атайды.

Оның шыққан тегі – қыпшақ. Бірақ қай жердің қыпшағы дегенге келгенде әртүрлі дерек айтылып, бірі Хорезм, Дербент қыпшақтарынан десе, екіншілері маңғыстаулық еді дегенді айтады. Соңғы зерттеулер бұл дүдәмалдықтың түйінін шешіп, Байбарыстың қыпшақ тайпасының беріш руынан шыққан атақты әулеттің тұқымы екенін анықтауға мүмкіндік берді. Ол кезде беріш руы Қырым өңірінде тұрған (қазіргі заманда беріш көбінесе Атырау облысында қоныстанған).

Араб елдерінің «Мың бір түнмен» қатар қоятын халық романы – «Байбарыста» оның әкесі Жамақ, шешесі Әйек деп нақты есімдерін атап көрсеткен. Байбарыс өмір бойы қыпшақ тілінде сөйлеген. Алдыңғы Азиядағы араб тілдес халықтармен тілмәш арқылы түсіністкен.

Мәмлүк мемлекетінің іргесін Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар мұрагерлерінің арасындағы көпжылдық қақтығыстар мен қызу тартыстардан кейін оның қызы Фатима мен күйеу баласы Ғали-Арыстан қалады. Өз мемлекетін жаудан қорғауда олар жергілікті халыққа емес, күшті де қайратты қыпшақ жігіттеріне иек артты.

Исламның сопылық бағытқа көшуіне байланысты әскерге түріктің ұлдары іріктеліп алына бастады, бұл әскери төңкерістердің алдын алудың қамы еді. Мысыр сұлтаны күзет үшін жігіттерді италиялық көпестерден сатып алды. Байбарыс Дамаскінің базарында 800 дирхемге құлдыққа сатылғаннан кейін жаңа қожайыны Айдакин Бундукдаридің атымен әл-Бундукдари деген есімге ие болды. Мұнда ол өз жерлестерімен қауышты. Байбарыс өзін әскери өнердің шебері ретінде таныта білді.

Кейін Байбарыстың ерекше қабілетін байқаған Айюби әулетінің сұлтаны Салих Нажумиддин оны өзінің жеке гвардиясының бір бөліміне сардар етіп алады. Сөйтіп ол енді жаңа әміршісінің атымен өзіне әл-Салихи деген есімді қабылдайды.

Ол осында жүргенде крест жорығына қатысушыларға қарсы күресте Египет әскеріне қолбасшылық етеді. Тарихшы Ибн Йиас Байбарыс туралы: «Ержүрек еді. Тураншахтың кезінде фаранджалармен киян-кескі әл-Мансура шайқасында көз көріп, құлақ естімеген ерліктер көрсетті» деп жазады.

Айюби әулетінің соңғы сұлтаны Тураншах Аюби өлтіріліп, таққа Египеттің жаңа сұлтаны Муиззәддин Айбек отырған соң, ол мамлюктердің беделді бегі, бахри бектерінің басшысы Ақтайды да өлтіріп, өзінің кешегі қарулас серіктерін шеттете бастаған кезде, Байбарыс қыпшақтарды бастап Сирияға шығып кетеді. Содан мамлюктер Айбекті өлтіргеннен кейін ғана ол Каирға қайта оралады.

Мұнда таққа жаңа отырған Мұзаффар Сайфуддин Құтұз сұлтан оны әскеріне басшы етіп, Сирия жеріне ішкерлей кірген моңғолдарға қарсы күреске аттанады.

Айн-Жалут түбіндегі шайқаста мамлюк қолы моңғолдардың тас-талқанын шығарады. Осы соғыста Байбарыс ержүректілігімен айрықша көзге түседі. Бірақ Құтұз Байбарыстың мамлүктер арасында беделі артып бара жатқанынан сескеніп, басқаларға сый-сияпат жасағанда, Байбарысты елеусіз қалдырады. Осыған өкпелеген Байбарыс өзіне ниеттес адамдармен келісіп, Каирға қайтар жолда Құтұзды өлтіреді.

Жақтастары Байбарысты Египеттің сұлтаны деп жариялайды. Сөйтіп ол 1260 жылы әл-Мәлік әз-Заһир Рукн-әд-дин Байбарыс әл-Бұндуқтари әс-Салихи деген есіммен Египеттің тағына отырады.

Ол ат ойындарын, аңға шығуды, сайыстарды жақсы көретін. Қарапайымдылығымен және діндарлығымен елге танымал болған. Кедей-кепшіктерге әрдайым көңіл бөліп, көмектесіп, жетімдерді желеп-жебеп, өз қолтығына алып отырған. Билік тізгінін мықтап қолға алған Байбарыс әр қаланы күшейтіп, әрбір қалада тұрақты әскер ұстады. Мемлекеттегі тәртіпті нығайтты, сарай маңында орын алатын өзара қырқысуларды түпкілікті тоқтатты. Арналық жүйені енгізді. Байбарыстың 17 жылдық билігі кезінде мәмлүк мемлекеті көркейе түсті. Мәмлүктерге әлемнің түкпір-түкпірінен көпестер ағылып келе бастады. Барлық өзенге көпір және әрбір қалаға бір мешіттен салынды. Байбарыс шығыстағы барлық араб иеліктерінің әміршісі деген атаққа қол жеткізді.

Ол сұлтандық билікке қол жеткізген кезде қыпшақ жерлері моңғол ханы Берке билеп отырған Алтын Орданың иелігінде еді. Байбарыс Хулагу әулетіне қарсы күресу мақсатымен 1262 жылы Алтын Орда ханы Беркеге достық пиғылдағы хат жазып, екі ел арасында достық қарым-қатынас орнату үшін өз елшісін жіберді. Бұдан кейін әскери, сауда, діни, мәдени байланыс орнатты. Осыдан бастап Египет пен Алтын Орда арасында тұрақты дипломатиялық қатынас орнап, екі ел арасындағы одақтастық Алтын Орда ыдырағанға дейін сақталады.

Билік басына келісімен Байбарыс бар күш-жігерін крест жорығына қарсы шабуылға жұмсайды. Негізгі шабуыл 1265 жылы басталды. Крест тағушы франктердің қамалдары бірінен кейін бірі алынып, франктердің зәулім қамалдарын бірінен соң бірін талқандай берді.

Барлық көршілес елдер мәмлүктер мемлекетімен санасатын болды. Байбарыс тек қана талантты қолбасшы ғана емес, сондай-ақ, көреген саясаткер ретінде танылды. Ол сол кездің көптеген алыс-жақын мемлекетімен қарым-қатынас орнатты.

Бұдан кейін 1267 ж. Кіші Армения патшалығына, Кіші Азия селжұқтарына қарсы жорықтар жасап, 1267-1275 жылдары берберлерді бағындырады.

Байбарыс медреселер салуға көп күш жұмсайды, каналдар мен бөгеттерді жөндетеді. Сұлтан Байбарыс сол дәуірдің озық үлгісімен көптеген зәулім ғимараттар, көрнекті мешіттер, биік қорғандар мен қамалдар салдырды. Олардың бірқатары сақталған. Каир қаласында ол салдырған мешіттердің бірі қазір де «Байбарыс мешіті» деп аталады.

1277 жылы Байбарыс удан қайтыс болды. Бір деректер оны ең сенімді серігі, уәзірі, қыпшақ Қалауын у беріп өлтірді десе, екіншілері кесе түбінде қалған удан байқаусызда уланып өлді дейді. Сұлтан Байбарыс 1277 жылы шілденің 1-інде Дамаск қаласында қайтыс болып, сүйегі Дамаскідегі Салах ад-Дин (Баб ас-Сағир) зиратына қойылды.

Ақжан Машанов «әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде: «Баб ас-Сағир зираты белгілі адамдарға арналған династиялық жай көрінеді. Онда тек патшалар, пайғамбар нәсілдері, халифа нәсілдері, әмірлер немесе солардың ұстазы болған ұлы ғұламалар ғана қойылады екен. Сирия әмірі Сайф ад-Даула әл-Фарабиді өзіне ұстаз тұтқан. Сол себепті ол кісі оны өз қолымен осы жерге қойдырған» деп жазады.

Осылайша Байбарыс сұлтан 17 жыл Мысырда билік құрып, мәмлүктер мемлекетін ірі державаға айналдырып, Мысыр мен Сирияны крестшілер жорығынан, моңғол шапқыншылығынан қорғап қалды, бүкіл мұсылман елдеріне қорған болды.

Сұлтан Байбарыс бес рет үйленген.

Бірінші рет Сирияда жүргенде Шахрузурия деген күрд тайпасы әмірінің қызына үйленген. Одан ұрпақ жоқ.

Екінші әйелі кезінде Хорезмнен ауа көшкен Беркехан Дәулетхан әл-Хауаразмидің қызы еді. Ол – болашақ сұлтан Беркеханның шешесі. Тарихшы әл-Юниани: «Беркеханның шешесі әйелдердің төресі, елге белгілі, садақашыл, қайырымды еді. Қазасынан екі жыл бұрын медреседен сыртқа шығарылмасын, қажет еткен адам медресенің ішінде пайдалансын деген шартпен барлық кітаптарын Байбарыс медресесіндегі кітапханаға береді, оның ішінде Байбарыс күмбезіндегі мөр де бар еді» дейді.

Байбарыс кейін Нүкай деген бектің қызына, Ноғай ат-Татаридің қызына, соңғы некесі ад-Дауадар Кармун ат-Татаридің қызына үйленеді.

Байбарыс жұбайларының бірде-бірінің аты тарихи құжаттарда тіркелмеген. Байбарыс үйленген жұбайларынан он перзент көреді. Үш ұл, жеті қыз. Ұлдары – Беркехан, Қызыр және Саламыш. Байбарыстың кіндігінен тағы екі ұл бала болғанмен, олар екі жасында шетінеп кетеді.

Байбарыстан кейін сұлтанның үлкен ұлы Беркехан (1260 жылы Каир қаласында дүниеге келген, 1280 жылы Карак қамалында қаза табады) әкесінің орнына сұлтандық таққа отырады. Ол бұрынғы әкесінің беделді бектерін орынсыз шеттетуімен наразылыққа ұшырап, өз еркімен тақтан бас тартады. Беркехан (1277-1279 жж.) екі жыл екі ай сегіз күн ғана билік құрды. Одан кейін таққа отырған Байбарыстың ұлы Саламыш аз ғана отырды да, тақты Байбарыстың бұрынғы ең сенімді серігі Сейфуддин Қалауын иеленді.

Араб елдерінің «Мың бір түнмен» қатар қоятын халық романы – «Байбарыстың» басты кейіпкері Байбарыстың ресми толық атыжөні: «қаһарлы патша, нағыз патша, айбатты арыстан, жеңімпаз, дін мен дүние тірегі Байбарыс бин Абдулла әл-Бундуқдари ас-Салихи ан-Наджми әл-Айуби әл-Ханафи ат-Турки – Мысыр (Египет), Шам (Сирия) және Хиджаз (Мекке мен Мәдина) сұлтаны».

Ортағасырлық тарихшылардың Байбарыстың ержүректігі және батылдығы туралы сөздері бір жерден шығады.

Байбарыстың хатшысы Ибн Абдузаһир: «Халық Байбарыстың заманында соғыс ісін одан артық білетін, одан епті, одан батырлығы артық бірде-бір атқа мінген батыр жоқ деп санайды. Патшалықты тек қылыштың күшімен алды» дейді.

Ибн Йиас: «Жеңімпаз патша Байбарыс айбарлы да айбатты, атақ-даңқы асқан, сұлтандыққа лайық, данышпан, мемлекеттің жағдайын білетін, алдында шығыс пен насрани патшалар тізе бүккен ұлы патша еді. Жорыққа көп аттанатын, батырлығымен аты шыққан, соғыста ержүрек еді. ...оған абу футухат – жиһангер деген ат тағылған еді. Батырлығы мен ержүректігінің белгісі ретінде тамғасында арыстан суреті бейнеленетін» деп жазды.

Ибн Айбек ад-Дауадари: «Байбарыс ержүрек, даңқты патша, жаужүрек батыр еді. Өлімнен қорықпайтын. Айла-әдісі мол, саясаты жайлы, істері әдемі, қимылы сәтті, соғыста ақжолтай, ешқашан қорғалақтамайтын. Қатал, жылдам және аяусыз еді» деп жазыпты.

Әл-Айни: «Жеңімпаз патша қарасұр, шегір көзді. Дауысы жер жаратын. Бойында ұлылық және еріксіз құрметтеу сезімін тудыратын айбындылық бар еді. Қайсар, ержүрек, сақи, жігерлі, тұңғиық, өжет, көзсіз батыр, сұлтандық ісіне көп көңіл бөлетін» деп суреттейді.

Байбарыстың негізгі еңбегі ислам әлемін Шыңғыс ұрпақтарының шапқыншылығынан қорғап қалды. Бұған дейін жеңілу дегенді білмей келе жатқан Шыңғыс ұрпақтарын тарихта алғаш рет ойсырата жеңіп, бетін қайтарған, артынан Таяу Шығыстың қаншама елін моңғолдардан азат еткен Байбарысты ислам әлемі «ислам дінінің құтқарушысы» деп атап, құрметке бөледі. Оның кешегі ақшаға сатып алынған құл екеніне қарамай, ұлты бөтен екеніне қарамай жырға қосып, дастандар шығарды, пір тұтты.

Бекжан БЕЙСЕНБАЙ

ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ

Елордада Мұстафа Кемал Ататүрік даңғылы бар. Ал Есіл өзенінің оң жағалауына жақын жерде 2009 жылы 14 қазанда ашылған Ататүріктің ескерткіші мен Түрік елшілігі орналасқан ғимараттың қарсысындағы гүлзар бақ көпшіліктің сүйікті демалыс орнына айналған.

МҰСТАФАНЫҢ МҰРАТЫ

Айгүл УАЙС

Ататүрік – Түркия Республикасының тұңғыш президенті әрі оның негізін қалаушы, тұйықтан жол тапқан ұлт көсемі, саяси реформатор, бас сардары ретінде шетел интервенттерінің әскери күшіне тойтарыс беріп, түрік халқын жеңіске бастаған түріктердің біртуар тұлғасы. Тек Түркияда ғана емес, әлемде елеулі із қалдырған ұлы көшбасшы. 2000 жылы ағылшындардың «Тайм» журналы «XX ғасырдың 100 ықпалды тұлғасы» тізімін жариялайды. Сол тізімнің «Көшбасшылар» тізімінде Уинстон Черчилльден кейінгі орында Кемал Ататүріктің болуы – оны әлем мойындағанының белгісі.

Мұстафа Кемал Ататүріктің дәуірі – Еуропа, Африка және Азия құрлықтарын бағындырған, 623 жыл салтанат құрған Осман империясының бөлшектеніп, ыдырап жатқан кезеңімен тұстас келді. Мұстафа Кемал Осман империясының күйреуі мен оның қалай құлағанын, тағдырлы таңдаудың алдында тұрғанын өз көзімен көрді. Отанын қорғау, елін азат ету жолында жанын шүберекке түйіп, ұлт-азаттық күресті бастап, түрлі сынақтан аман өтіп, Анкараға келіп, алдымен Анкара үкіметін, сосын мемлекеттің негізін қалап, жауларды Түркияның жерінен тазартты. 1923 жылы 29 қазанда Түркия мемлекетін құрды. Әскери адам болса да, жаңа мемлекетті заманауи, зайырлы, өркениетті, ұлттық мемлекет ретінде қалады. Ататүріктің идеялары осы күннің өзінде әлі күшін жоймай келеді. Әуел баста мемлекеттің негізін дұрыс қалағандықтан болар, жасаған реформалары мен еңбектері бүгінде Түркияны әлемде экономикасы дамыған, мәдениеті жоғары мұсылман ел деңгейіне жеткізді. 1923-1938 жылдары аралығында 4 рет президент болып сайланды. Шетелдіктер тарапынан Ататүрік туралы 380-дей шығарма жазылды. 1981 жыл ЮНЕСКО тарапынан «Ататүрік жылы» болып жарияланды. Ататүрік жаңа мемлекетті заманауи және зайырлы ұлттық мемлекетке айналдыру мақсатымен үлкен саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени реформаларды жүзеге асырды. Реформаларға келер болсақ, ақысыз мыңдаған мектеп ашып, халықтың сауатын көтеруді міндеттеді. Әйелдер тұңғыш рет азаматтық және саяси құқықтармен бірге Ататүрік реформаларынан кейін сайлау және сайлану құқығына ие болды. Шаруаларға салынатын салық көлемі азайды. Араб әліпбиінің орнына латын әліпбиіне көшу реформасы өте қысқа мерзімде Ататүріктің басшылығымен жүзеге асты. Алғашқы түрік ақпарат агенттігі – «Анадолуны» құрды. Бүгінге дейін Түркияның іргелі банкін – «Türkiye İş Bankası» ашты. Индустрия мен ауыл шаруашылығын дамытуға арналған ауқымды заң қабылданды. Зайырлы мемлекет формасы Ата заңмен бекітілді.

АСЫҒЫҢ АЛШЫСЫНАН ТҮССІН!

«Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар». Бұл даналықтың мәнмағынасы өзгеріп, қазір доп тепкен табысты, асық ойнаған танымал болуда. Рас, асық ату бұқаралық спорт ретінде дамып, түрлі деңгейдегі жарыстар жиі өтеді. Осы турасында Астана қаласы Асық ату ойындары федерациясының президенті Ескендір Рахметовтен сұрадық.

– Ерте заманнан ұлттық ойын ретінде дамып, ойнау шарты заманға сай өзгеріп, баланы мерген, епті, зерек, табанды, шыдамды болуға шыңдады. Тіпті ұлттық ойынның кейбір түріне ересектер де қатысты. Көшпенділер арасында асықты тұмар ретінде тағып, ұлттық қазына ретінде дәріптелді. Ақсақалдар өскелең ұрпаққа «Асығың алшысынан түссін!» деп бата беруінің мәнісі осында, – деп сөзін бастады ол.

Асық атуға мектеп оқушыларының қызығушылығы жоғары. Астана қаласында 500-ге жуық оқушы асық атудың қыр-сырын меңгеріп, түрлі деңгейдегі жарысқа қатысып жүр. Қазір елорданың командасында 60-тан аса сұрмерген жаттығады. Бізге асық атудың қай түрінен жарыс өтетіні қызық болды.

– Асық ойынының түрі көп. Ханталапай, омпа, алшы, шыр, тәйке сынды асық ойыны халық арасында кең тараған. Біз асық ойынының екі түрін ресми бекіттік. Бестабанды ұлдар, бестасты қыздар ойнайды, – деді асық атудан бас қаланың бас жаттықтырушысы Ескендір Рахметов.

Бүгінде Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Асық ату федерациясының қолдауымен республикалық, халықаралық турнирлер жиі өтеді. Тіпті аудандық, облыстық деңгейдегі жарыстар жолға қойылды. Ел бойынша 2 мың жаттықтырушы 6 мыңнан аса спортшыны баптайды. Дәл осы асық ату спортынан елордалықтар үстемдік құрып тұр. Оған Астананың ерлер құрама командасы Қазақстан чемпионатында бес рет үздік болғаны дәлел. Әйелдер арасындағы чемпионатта елорданың спортшылары төрт рет дараланды. Одан бөлек, жастар арасында үш рет, жасөспірімдер арасында екі рет чемпион болған-ды. Бұл – үлкен жетістік.

– Әділхан Жұмағұлов, Мырзамұрат Қайыпбеков, Нұрғанат Молжігітов ел чемпионатында бес рет, халықаралық «Азия асығы» мен «Кейкі мерген» турнирінде екі рет топ жарды. Аслан Бұланбай, Нұрбек Асанқұл, Мыңтөре Нұрбақыт жастар арасындағы ел чемпионатында тұғырдан таймай келеді. Одан бөлек, Айбек Аманкелдіұлы, Ұланбай Асылан, Жанболат Жамбыл, Айдын Жасұзақ, Есен Жұмағұлов, Оралбек Ақтілеуов, Бекжан Кенжебек сынды сақа спортшылар бар. Айжан Серікова, Перизат Елемес, Саягүл Жарылқасын, Камила Даниярова, Назерке Әуелбаева, Аружан Жақыпбек, Кәусар Серік, Салтанат Мұхтар және тағы басқа спортшылармен мақтанамыз. 59 жастағы Анаргүл Қожаниязова Азия чемпионатын ұтты. Ардагер ойыншылар арасында Советхан Шакиев ағамызды ерекше атауға болады, – деді ұлттық ойынның жанашыры.

Бала кезімізде алшы, тәйкі, шіге, бүге деп асықты атап, күн ұзақ ойнап, асыққа рең беру үшін түрлі түске бояуға мән беретін едік. Шіркін, бізді асық ойнайтын балалар қайта көбейе бастағаны қуантты!

Ежелден қазақ ұлты қыран мен жүйрікті баптаған адамды ерекше құрмет тұтты. Өйткені бұл екі өнер елдің айбынын көрсетіп, абыройын асырды. Бүгінде халықаралық байрақты бәсекелерде ел мерейін асырып жүрген спортшылар десек, оларды баптайтын бапкерлерге де құрмет жоғары. Сондай білікті бапкердің бірі – Асқар Еркебаев.

БІЗДІҢ БАПКЕР!

Спортшының физикалық күш-қуатын арттырып, тактикалық және техникалық қабілетін шыңдап, психологиясын дамыту оңай шаруа емес. Физикалық жүктемеден кейін спортшының қайта қалпына келуін есептеп, жарысқа дайындау тіпті қиын. Сондықтан алғашқы сұрақты осы бағытта қойдық.

– АҚШ-тың желаяқтары, Қытайдың ауыр атлеттері жыл өткен сайын жаңа рекордты бағындырып, таңғалдыруда. Мұнда бәрі ғылыми тұрғыда сүйемелденіп, оқу-әдістемелік құрал ретінде жас бапкерлерге ұсынылғаны дұрыс. Міне, осының бәрі ғылым мен спорттың үйлесімді жұмысының арқасында іске асады. Сонда ғана АҚШ пен Қытай сынды спорты дамыған алпауыт елге айналамыз. Жарысқа бабында барған спортшының көзінде от ойнап, жігері тасып, шаршы алаңда өзінің шеберлігін көрсете алады, – деді бапкер.

Асқардың кіндігі Жамбыл облысы Шу ауданында кесілді. 13 жасынан Құрманғали Қаршығабековтің қоластында жаттығып, бокстың қыр-сырын меңгерді. Көп ұзамай аудандық, облыстық деңгейдегі турнирлерде топ жарып, республикалық, халықаралық деңгейдегі жарыстарда жасындай жарқырады. Сөйтіп, спорт шебері атанды.

Мұндай жоғары жетістіктің сыры неде? Әрине, ғылымда. Спорт саласы ғылымсыз, инновациясыз дамымайды. Астанада спортшыларға арналған медициналық орталық ашылды. Бұл – құптарлық әрі қуанарлық жағдай. Енді әрбір спортшының физикалық жағдайын бақылау маңызды. Қашан, қалай, қандай жүктеме беру керек, бабына келгеннен кейін не істеу керек?

2006 жылы Шу ауданында бапкерлік жұмысты бастады. 2009 жылы елордаға қоныс аударып, сүйікті жұмысын жалғастырды. Шәкірттерін тәртіпке баулып, жауапкершілікті сезінуге үйрететін бапкердің еңбегі еш кетпеді. Ел намысын қорғайтын Айбек пен Нұрбек Оралбай сынды мықты боксшыларды тәрбиеледі.

– Шәкірттерімнің ішінде ағайынды Оралбайдың мерейі үстем. Айбек – Азия чемпионы, Нұрбек – әлем чемпионы. Екеуінің арманы – Олимпиада ойындарында бірге топ жару. Олар осы жолда тер тегуде.

23 қыркүйектен 8 қазанға дейін Қытайда XIX Азия ойындары өтеді. Соған қатысамыз. Қазір Алматыда ұлттық құраманың оқу-жаттығу жиынында дайындалудамыз, – деп шәкірттерінің мұратын жеткізді ол.

Шыны керек, бокс төңірегінде сұрақ көп. Соның бірі – Токиода өткен Олимпиада ойынындағы сәтсіздік. Екіншісі – қазақ-өзбек боксының бәсекесі.

– Кез келген спорт бәсеке болған жерде дамиды. Елішілік жарыстарда әр салмақ дәрежесінде бірнеше боксшы шеберлігімен көзге түседі. Ал әлем және Азия деңгейіндегі бәсекелі турнирлерде қазақ-өзбек бәсекесі қызады. Бұл қазақ боксшыларын физикалық, техникалық, психологиялық тұрғыда дайындауына ерекше серпін береді. Ал Токиода өткен төртжылдықтың басты бәсекесі туралы ешнәрсе айта алмаймын. Өйткені бұл турнирдің басы-қасында болған жоқпын. Біздің мақсат – Париж Олимпиадасында биіктен көріну. Осы жолда ізденіп, боксшылардың шеберлігін шыңдау үстіндеміз, – дейді Қазақстанға еңбегін сіңірген жаттықтырушы.

РУХЫ МЫҚТЫ АТЛЕТ

Астана қаласында талантты, талапты спортшы көп. Солардың арасында Едіге Ембердінің орны ерекше. Ол ауыр атлетикадан әлем рекордын жаңартып, өзінің чемпионға тән болмысымен көпшілікке танылды.

Ата-анасы оны үш жасында каратеге береді. Сосын суға жүзуді меңгеріп, күрес залының есігін ашады. Он жасқа келгенде ағасы Лесбек Жәнібекпен бірге ауыр атлетикаға келеді.

– Лесбек ағам бокс залына баруыма себепші болды. Онда Айбек ағай ауыр атлетиканың артықшылығын бар ынта-ықыласымен түсіндіріп, қыр-сырын үйретуі осы спортқа қызығушылығымды арттырды. Ауыр атлетикада тек өз-өзіне сенімді адамдар ғана нәтиже көрсете алады, – деп сөзін бастады чемпион.

Сөзсіз, мықты спортшының артында білікті бапкерінің еңбегі тұрады. Жаттықтырушы шәкіртінің бабын тауып, сенімін арттырса ғана жеңістің жолы жақындай түседі. Біз спортшының жеке бапкері Айбек Аманиязовты сөзге тарттық.

– Едіге – жігерлі жігіт, рухты спортшы. Ол талай рет жеңілістің ащы дәмін татты. Алайда берілген жоқ, өз-өзіне сенді. Шеберлігін шыңдап, тер төкті. Сөйтіп, 17 жасқа толғанда күші толысып, жеңіске жетудің жолын тапты. Кейбір спортшылар залда ауыр салмақты бағындырып, өзін чемпион сезінеді. Бірақ жарыс алаңына шыққанда жанып кетіп, нәтижелі өнер көрсете алмайды. Кейбір атлеттер залда көтере алмайтын штанганы жарыста көтеріп жатады. Едігені екіншісіне жатқызуға болады. Оның сыры – ішкі рухында. Кешегі батыр бабаларымыздың бір ерекшелігі ішкі рухының биіктігінде еді ғой! Сол секілді Едіге штанганы көргенде арқаланып, оны бағындырмай тынбайды, – деп қысқа қайырды білікті бапкер.

Астана қаласы тұрғындарының 37 пайызы бұқаралық спортпен айналысса, кәсіби түрде 18 мыңнан астам спортшы (2 мың ересек, 16 мың жасөспірім) шұғылданады

Рас, ішкі рухы мықты адамдар биік белесті бағындырады. Осы ретте Едігеден алғашқы жеңісі туралы сұрадық.

– 2015 жылы «Жас батыр» спорт кешенінде өткен қалалық турнирге қатыстым. Сол жарыста үшінші орын алып, әбден жылағаным есімде. Қазір ойланып қарасам, спорт жолындағы үлген жетістігім екен. Өйткені өз-өзімді қамшылап, техникаларды терең меңгеруіме осы жарыс түртті болды, – деді ол.

Спортшының болмысбітімі мен қабілет-қасиетін бір жақсы білсе, ол – бапкері. Атлеттің көңіл күйін бағып, ішетін тағамын бақылайды. Мұның бәрі оңай шаруа емес. Айбек Аманиязовты сондай еңбекқор жаттықтырушы деуге болады. Одан шәкіртінің ең жоғары жетістігін сұрадық.

– 2022 жылы Едіге Ембердi Ташкентте жасөспірімдер арасында өткен Азия чемпионатында, Мексикада байрағы көтерілген әлем чемпионатында дараланды. Индонезия атлеті Ризки Джуниансияға тиесілі әлем рекордын жаңартты. Өткен жылдың қорытындысымен елдің үздік спортшысы атанды. Бұл жеңісті жолдың басы ғана. Мексикада жастар арасында өтетін әлем чемпионатына тыңғылықты дайындалудамыз. Шәкіртім байрақты бәсекеде сенім үдесінен шығатынына сенемін, – деді ауыр атлетикадан Астана қаласының аға бапкері А.Аманиязов.

Илья Ильин сынды Едіге де серпе көтеруге епті. Мысалы, Мексикадағы әлем чемпионатында ол серпе көтеруде 172 келіні бағындырса, екінші орынды алған өзбекстандық Д.Ерматов 157 келі көтерді. Кім біледі, даңқты спортшы Илья сынды Едіге де еліміздің көк байрағын биіктетеді. Біз соған сенеміз!

Бетті дайындаған **Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

«Астана энергиясы» АҚ 3-ЖЭО ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 09.10.2023 ж. сағат 10.00-де Астана қаласы, Отырар көшесі 5, Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімінің аппараты, мәжіліс залы, сондай-ақ Zoom конференциясы арқылы (идентификатор: 807 076 3721, қолжетімділік коды: GK8XWx), «Астана энергиясы» АҚ 3-ЖЭО үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен порталда танысуға болады ecoportal.kz барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: ecoportal.kz, сондай-ақ эл. мекенжайы: uoosip@astana.kz. Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. Мекенжайы: loos_1@mail.ru және мына телефон бойынша: 8-708-749-20-44.

Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотындағы Гофман Юлия Викторовнаның тану туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғалды. Азамат Агафонов Виктор Клаусович, 15.12.1965 ж. т.

ЖСН: 651215301502, тұрғылықты жері туралы мәлімет жоқ. Виктор Клаусович Агафоновтың тұрғылықты жері туралы мәліметтері бар тұлғалар Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына 3 ай мерзімде мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Гейдар Әлиев көшесі, 6 хабарласын.

№98 (4531) 19/08/2023 Сенбі

АБАЙ МЕН МҰХТАРДЫ МҮСІНДЕГЕН

Қырғызстандық мүсінші Тамила Маматованы әлеуметтік желі арқылы біраз оқырман танитыны анық. Алатаудың арғы бетінде өнерімен көптің көңілін жаулаған ол – Қырғызстанның Жалалабад облысы Алабұқа ауданына қарайтын Келте ауылында туып-өскен. Жазушы Мұрат Әуезов әкесіне бюст жасағаны үшін өнер иесіне ерекше алғыс білдірді. Танымал мүсіншімен тілшіміз байланысқа шығып, оның саф өнер туындылары туралы сұхбаттасты.

– Тамила Абдинабиқызы, осыдан үш жыл бұрын Шыңғыс Айтматов мүсінінің суретін Facebook-парақшаңызға салдыңыз. Сол туындыңыз көпшілікке қатты ұнады. Сізді танымал етті десе де болады. Жалпы бұл өнерге қалай келдіңіз?

– Мен Қырғызстанның Жалалабад облысы Алабұқа ауданына қарайтын Келте ауылында туып-өстім. Тұрғынбай Садықов атындағы Ұлттық көркемсурет академиясынан жоғары білім алдым. 2012 жылы Ресейдің Санкт-Петербор қаласындағы Илья Репин атындағы Көркемсурет академиясына түстім. Оны 2018 жылы бітірдім. Сіз айтқан Шыңғыс Айтматовтың мүсіні менің дипломдық жұмысым болған. Оны бір жыл бойы жасап шықтым. Оның биіктігі – 3 метр. Мүсін суретін әлеуметтік желіге жүктегеннен кейін, көбі қабілетіме қызығушылық таныта бастады.

– Сіздің біраз туындыңыз қазақ оқырманына етене жақын. Абайдың, Әуезовтің мүсінін жасадыңыз. Алматыдағы торсықтың мүсіні де сіздің шығармашылықтан туған дүние. Оларды жасауда қандай ойға еркіндік бердіңіз?

– Мен Шыңғыс Айтматов туралы оқыған кезде Мұхтар Әуезов туралы білдім. Оның өмірбаянымен таныса келе, қызығушылығым пайда болды. «Абай жолы» кітабын оқымасам да, оны аудиожазба арқылы тыңдадым. Осылайша Мұхтар Әуезовке арналған бюст жасадым. Артынша Мұрат Әуезовпен кездестім. Ол әкесіне бюст жасағаным үшін алғысын білдірді. Ал Абай Құнанбаевқа келетін болсақ, ұсыныс қазақстандықтар тарапынан болды. Белгілі тұлғаның өмірбаянымен танысып, бір айда мүсінін жасап шықтым. Қазір ол Көкшетау қаласындағы Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде тұр.

– Мүсінші болу үшін қандай шеберлік қажет? Әйел адамға саз балшықпен жұмыс істеп, тас қашау қиын емес пе?

– Мен адам бейнесін жасайтын кезде оның географиясы мен өмірбаянын, шығармашылығын көп зерттеймін. Сол дәуірді, айналысқан кәсібін, фото-видео мұрағаттарды ақтарып, жақындарымен танысып, қысқасы, «кейіпкерімді» өзімнің әке-шешемдей жақсы танып алуым керек. Содан кейін ғана эскизін жасай бастаймын. Мүсін жасау адамның ой-ұшқырына байланысты. Онда кейіпкердің мінез-құлқы көріну керек. Жалпы балшық немесе таспен жұмыс істеу қиын. Бірақ өзімде қызығушылық болғандықтан шабыттанып жасаймын. Физикалық ауыр жұмыс шаршатады, бірақ үйреніп кеттім. Әдетте, балшық, тас және қоламен жұмыс істеймін.

– Орта есеппен бір мүсінді жасауға қанша уақыт кетеді?

– Нақты айта алмаймын. Ол кейіпкерге және мүсін биіктігіне байланысты. Егер үлкен мүсін болса, оған көп уақыт кетеді. Ал кішігірім бюст болса, оны тез жасауға болады. Бірақ тәжірибемде 3 жыл бойы жасаған еңбегім бар. Кейде керек заттар жетпей жатады. Оларды сатып алған кезде мүсін жасайтын уақытым болмайды. Кейде қымбат шикізат керек болады, оған демеушілер іздеймін.

– Қанша елде сіздің мүсіндеріңіз бар? Оларды тапсырыс бойынша жасайсыз ба?

– Жұмыстарым 15-ке жуық елде бар. Алматы қаласында жеке тапсырыс бойынша бірнеше мүсін жасап шықтым. Жақында бір мүсінім Германиядағы Қырғызстан елшілігінің алдына қойылады. Одан бөлек, Еуропа, Түркия, Ресей және Өзбекстанда да туындыларым бар.

– Қазақстандағы өзге белгілі қайраткерлерге ескерткіш жасау ойыңызда бар ма?

– Маған барлық халықтың танымал тұлғалары өте қызық. Егер мүмкіндік болса, Мұхтар Әуезовтің ұлы Мұраттың мүсінін жасайтын едім. Біздің менталитетте ескерткіш адам қайтыс болғаннан кейін ғана жасайды деген түсінік бар. Бірақ адам дүниеден өтпесе де оған мүсін жасауға болады.

– Өзіңіздің туындыларыңыздың арқасында қандай жетістіктерге ие болдыңыз?

– Менде атақ, диплом және түрлі сертификат көп. Бірақ маған атақ емес, адамдардың эмоциясы және мүсін туралы пікірі маңыздырақ.

Сұхбаттасқан Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

КІТАПХАНАШЫ – КЕРЕК МАМАНДЫҚ

Руханият бесігі саналатын кітапхана ісін дамытуда кітапханашыларға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Сондықтан кітапханашылар жан-жақты болғаны дұрыс. Ендігі уақытта кітапханашы мамандығында оқитындар жаңа саланы игеріп шығады.

«Кітапханашылардың жалақысын өсірумен қатар аталған мамандыққа жаңа мазмұн беру керек деп ойлаймыз. Кітапханашы тек кітап қорын түгендеп, оны оқырманға тауып беретін ғана емес, жан-жақты болуы керек. Мысалы, кітап іздеп келген балалар мен жастарға бағыт-бағдар бере алуы тиіс. Сонымен қатар IT-мамандарды да кітапхана саласына тарту маңызды» деп мәлімдеді Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова Amanat партиясы алаңында өткен баспасөз мәслихатында.

Халық қалаулысының айтуынша, отандық кітапхана саласы мемлекеттік қолдау мен ілгерілетуді керек етеді.

«Елімізде алдағы уақытта кітапханашы мамандығына тапшылық туындайтынын ескере отырып, біз грантты 30 пайызға арттыруды сұрадық. Бұл мәселе биылғы оқу жылында шешілді. Талдау нәтижесі көрсеткендей, алдағы 3 жылда 6200 кітапханашы тапшы болады. Келесі мәселе – кітапханашы-педагог немесе педагог-кітапханашы деген мамандық ашу. Бұған қатысты министрліктен қарастырып жатырмыз деген жауап келді» дейді депутат.

Брифингте кітапханашы мамандығына бөлінетін мемлекеттік гранттың толық игерілмей қалатыны белгілі болды.

«Бүгінде елімізде 120 жоғары оқу орны бар. Оның ішінде 14-і – әскери және арнайы оқу орындары. Кітапханашы-педагог мамандығы бойынша реестрден өткіздік. Аталған жаңашылдықты биылдан бастап жүзеге асырайын деп отырмыз. Кітапханашы мамандығына биыл бакалавриатқа 100 грант, ал магистратураға 20 және докторантураға 3 грант бөлінді» деді Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары білімнен кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Баным Нарбекова.

ЖАҢА АТАУЛАР БЕРІЛЕДІ

Елорда көшелеріне жаңадан және қайта атау беру туралы ұсыныстар Астана қаласы мәслихаты тұрақты комиссияларының көпшілік тыңдауында қаралып, депутаттар тарапынан қолдау тапты. Ұсыныстарды Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп жария етті. Оның айтуынша, енді бұл ұсыныстар сессияға ұсынылады, содан кейін республикалық ономастика комиссиясына жіберіледі.

Райхан РАХМЕТОВА

– Атап айтқанда, Нұра ауданы бойынша Е108 жобалық көшеге мажар ақыны Шандор Петёфидің есімін беру керек. Венгрия астанасы Будапештте Астана деп аталатын көше және Абай Құнанбайұлының ескерткіші бар. Біздің ұсынысымыз да екі мемлекет арасындағы дипломатиялық байланысты одан әрі тереңдету мақсатында қолға алынып отыр. Ал Есіл ауданы бойынша №28/1 жобалық көшеге Азияның батыс бөлігіндегі түбек, қазіргі Түркия аумағының ортаңғы бөлігі Анадолу атауын беру, №29/1 жобалық және Түркістан көшесінен басталатын, Ұлы дала даңғылында аяқталатын атаусыз көшеге Қазақстан Премьер-министрі Нұрлан Балғымбаевтың есімін беруді ұсынамыз, – деді С.Есіркеп.

Байқоңыр ауданындағы «Егемен Қазақстан» газеті көшесінің бойында орналасқан атаусыз саябаққа «Журналистер саябағы» атауы беріледі. Нұра ауданы бойынша Е13 жобалық көшеге көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтан шыққан алғашқы кәсіби дипломат Нәзір Төреқұлұлының есімін беру көзделуде. Е29 жобалық көшеге күйші-композитор, домбырашы Тәттімбеттің есімін бермек. Ал Е33 жобалық көшеге түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау Қорқыт атаның есімін беру мақұлданды. Байқоңыр және Алматы аудандарында орналасқан әл-Фараби даңғылын Ақжол атауымен қайта атау ұсынылды. Есіл ауданы бойынша Сәбит Мұқанов көшесіне Шығыс Қазақстан облысындағы елді мекен атауы Шұбартау деген атауымен қайта атау туралы айтылды. Алматы ауданындағы бұрынғы Гейдар Әлиев көшесіне ақын және аудармашы, әдебиеттанушы, балалар жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың атын беру керектігі мәлімделді. А40 жобалық көшеге ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сырбай Мәуленовтің, А564 жобалық көшеге қазақ мультипликация өнерінің негізін қалаушы, суретші, кинорежиссер, профессор Әмен Қайдаровтың есімін беру көзделіп отыр. А30 жобалық көшеге белгілі жазушы-драматург, журналист Оралхан Бөкейдің есімін береді.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №98

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**